

Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне біржолғы материалдық көмек көрсету туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Мәртөк аудандық мәслихатының 2010 жылғы 24 ақпандағы N 160 шешімі. Ақтөбе облысы Мәртөк аудандық Әділет басқармасында 2010 жылғы 12 наурызда N 3-8-108 тіркелді. Қолданылу мерзімі аяқталуына байланысты күші жойылды - Ақтөбе облысы Мәртөк аудандық мәслихатының 2011 жылғы 15 қарашадағы № 487 хатымен

Ескерту. Қолданылу мерзімі аяқталуына байланысты күші жойылды - Ақтөбе облысы Мәртөк аудандық мәслихатының 2011.11.15 № 487 Хатымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы № 95 Бюджеттік кодексінің 56 бабының 1 тармағының 4 тармақшасына, Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 сәуірдегі № 2247 «Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы» Заңының

20 бабына сәйкес аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Ұлы Отан соғысы Жеңісінің 65 жылдығына орай Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне біржолғы материалдық көмек 20000 теңге көлемінде көрсетілсін.

2. Аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі (А.Т.Жұмабаева) материалдық көмек төлеуге қаражаттар қарастырсын.

3. Аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі (Г.А.Алматбаева) біржолғы төлемдерді қамтамасыз етсін.

4. Шешімнің орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары И.Г.Цыбаға жүктелсін.

5. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихат
сессиясының төрағасы*

Н. Әшімов

Аудандық мәслихат

хатшысы

А. Смағұлов

